

Эпидемиялогияға кіріспе

Эпидемиологияға кіріспе

- ▶ **Эпидемиология**(грекше «эпи» – арасында, «демос» – халық және «логос» - ғылым) – халықтың белгілі бір топтарындағы жұқпалы және жұқпалы емес аурулардың таралуын және жиілігін зерттейтін ғылым.
- ▶ Эпидемиологияға анықтама беретін көптеген ұсыныстар ұсынылды. Алайда, жоғарыда келтірілген анықтама эпидемиологияның **қоғамдық денсаулық сақтаудағы рөлі мен принципіне** анықтама береді.
- ▶ Эпидемиология біруақытта қаратырылуы мүмкін:
 - сырқаттанушылықты зерттеуде қолданылатын ықтималдық теориясы, статистика және де ғылыми эксперименттерді жүргізудегі тәсілдер;
 - сырқаттанушылықтың туындауының және де оны ескерту амалындағы гипотезасы арқылы себеп – салдар байланысын орнатуға болатын тәсілдер;
 - Қоғамдық денсаулық сақтаудағы басқарушылық шешімін қабылдауға көмектесетін инструмент (ғылыми деректерге сүйенген).

Таралу

Эпидемиология жұқпалы аурулардың таралу жиілігін зерттейтін ғылым екенін жоғарыда айтып өттік. Жиілік тек қана абсолюттік сан емес, сонымен қатар, белгілі топтар арасындағы аурудың пайда болу қаупін бейнелейтін көрсеткіш болып табылады. Көрсеткіш (топтың өлшеміне бөлінген құбылыс саны) эпидемиологтар үшін өте маңызды, себебі ол, әртүрлі топтар арасында дәлелденген салыстыруларды жүргізуге мүмкіндік береді. Таралудың ерекшеліктері:

- аурудың пайда болу уақытын;

- пайда болған жерін;

- сырқат адамның жеке мінездемесін талдау барысында анықталады.

Себептері

- ▶ Эпидемиологиядағы тәсілдер аурудың пайда болу себебін (этиологиясын), аурудың қауіп факторларын анықтауда жиі қолданылады. **Аналитикалық эпидемиология** ауру қалай? неліктен пайда болды? деген сұрақтарға жауап беруге тырысады. Бұл сұрақтарға жауап беруде аналитикалық эпидемиология аурудың түрлі көрсеткіші бар топтарды салыстыруға, түрлі демографиялық, иммунологиялық, генетикалық, тәртіптік және тағы басқа ерекшеліктері бар жеке тұлғалар арасындағы аурушылықты салыстыруға сүйенеді. Идеалды жағдайда эпидемиологиялық талдау тез және тиімді бақылау шараларын жүргізуге негіз бола алады.

Аурулар

- ▶ Көне эпидемиология жұқпалы ауруларды зерттеумен айналысқан болатын. Одан кейін эпидемиологиядағы тәсілдер эндемиялық жұқпалы ауруларды және де жұқпалы емес ауруларды зерттеуге көшті. Жақында эпидемиологиялық тәсілдер созылмалы ауруларды, жарақаттарды, туа біткен ақауларды, ана мен бала денсаулығын, кәсіби ауруларды және қоршаған ортаның денсаулыққа әсерін зерттеуде қолданыла бастады. Қазіргі таңда тіпті физикалық жаттығулар немесе қауіпсіздік белбеуін қолдану сияқты тәртіптік аспектітер эпидемиологиялық тәсілдерді қолдануда жарамды деп саналады.

Қоғам

- ▶ Эпидемиологтар сияқты тәжірибелік дәрігерлер де аурумен күресумен айналысады. Алайда, осы екі топ дәрігерлері бір-бірінен «ауру адамды» қалай қабылдап, көретіндіктерімен ерекшеленеді. Емдеуші дәрігерлер жеке тұлғаның денсаулығына назар аударатын болса, эпидемиологтар белгілі бір топтың, популяцияның денсаулығымен айналысады.

Қолданылуы

- ▶ Эпидемиология – тек қана ғылым емес, ол сонымен қатар тәжірибе. Денсаулық сақтаудың бір саласы ретінде, эпидемиология күш-жігерді денсаулық сақтау саласына бағыттау үшін деректер ұсынады. Бірақ, эпидемиологиялық деректерді қолдану – бұл ғылым да, өнер де.
- ❖ **Халықтың денсаулығына баға беру;**
- ❖ **Индивидуалдық дәрежеде қабылданатын шешімдерді түзетуде;**
- ❖ **Клиникалық қосуда;**
- ❖ **Арудың этиологиясын орнатуда.**

Сипаттамалық эпидемиология

- ▶ Сипаттамалық эпидемиологияда деректер **«кім, қайда және қашан ауырды»** принципіне сәйкес ұйымдастырылады және қорытындыланады.
- ▶ **«Кім, қайда және қашан»** принципі бойынша топтастыру және деректік талдау эпидемиологтарға популяцияның денсаулық жағдайын сипаттауға және түсінуге, аурудың жоғары қаупі бар топты бөлуге, қауіптің мүмкін факторларына және этиологиясына болжау жасауға мүмкіншілік береді. Ұсынылған гипотезалар кейін аналитикалық және бақылаушылық зерттеулерді тексерілулері мүмкін.


Аналитикалық эпидемиология

Бақыланатын

Бақыланбайтын

- 1) Проспективные (когортты зерттеулер)
- 2) Ретроспективные (оқиға-бақылау)

Арудың этиологиясы және пайда болу себебі:



Эпидемиологиялық триада

Жұқпалы аурулардағы эпидемиологияның таңдаулы сұрақтары

- ▶ «Табиғи тарих» немесе ауру дамуының сатылары.

Бұл термин ауру дамуының сатылары белгілі бір уақыт ішінде мақсатты араласусыз өтуі жөнінде түсінік береді.

Қоздырушының түрлі ықпал етуімен сәйкес жұқпалы ауруларды сипаттау үшін 3 термин қолданылады:

- **инфекциялық** - % (доля) заразившихся от общего числа подвергшихся воздействию возбудителя.
- **патогендік** - % (доля) лиц с клинически выраженным ходом заболевания от общего числа заразившихся.
- **вируленттік** - % (доля) доля лиц с тяжелым ходом клинического течения или % умерших от общего числа с клинически выраженной болезнью.

Қорытынды

- ▶ Денсаулық сақтаудағы бір пән ретінде, эпидемиология жиілік талдауын, заңдылықтарды және аурудың пайда болу себебін немесе түрлі халықтар арасындағы денсаулық жағдайын және де алынған мәліметтерді денсаулық сақтау мүддесі үшін қолдануға бағыт алады.
- ▶ Эпидемиологияда **«пациент» – ол популяция.** Осы «пациентпен» жұмыс барысында эпидемиологтар бірнеше тапсырмаларды орындайды – эпидемиологиялық бақылауды жүзеге асырады, топтық ауруларды бақылайды (вспышка), аналитикалық зерттеулер жүргізеді және жүргізілетін шаралардың тиімділігін бағалайды.